

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 19 ақпандағы "Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша Нұсқауды бекіту туралы" N 59/2 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 9 қыркүйектегі N 300/9 қаулысы. Павлодар облысы Железин ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 8 қазанда N 60 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы N 169/5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы N 169/5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Занының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес және ауданның жекелеген санаттағы азаматтарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 19 ақпандағы "Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша Нұсқауды бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-6-50 болып тіркелген, аудандық "Родные просторы" газетінің 2008 жылғы 8 наурыздағы N 10 санында жарияланды) N 59/2 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша Нұсқаудың;

2- тармағы келесі мазмұндағы 23), 24), 25) тармақшаларымен толықтырылсын :

"23) жұмыссыз 3 топ мүгедектері мен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы аз қамтамасыз етілген азаматтар - жеке шаруашылығын дамыту үшін, мал алу фактісі бойынша азық алу үшін;"

24) ағымдағы жылы квотамен келген оралмандар, жайластыру үшін;"

25) дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы бар зейнеталды жастағы жұмыссыз азаматтар, ер адамдар-58 жастан, әйелдер-53 жастан."

2 тармақтың 9) тармақшасы "туберкулезбен ауыратын адамның тұргын үйін нақты шығыны бойынша жөндеу" деген сөздермен толықтырылсын;

5 тармағы келесі мазмұндағы 19), 20), 21), тармақшаларымен толықтырылсын

;

"19) 2 тармақтың 23) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - келісімшарт, әлеуметтік төлемді алуға құқығы бар тұлғаның салық төлеушінің тіркеу нөмірі және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, басқа табыстарының көрсетілуімен қатар тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, селолық округ әкімінің қолдаухаты, шаруашылығы және үй учаскесі көрсетілген тұратын жерінен анықтама, әлеуметтік көмек берілу қажеттілігі туралы учаскелік комиссияның шешімі, 3 топ мүгедектігі анықтамасының көшірмесі, жұмыссыз ретінде есепте тұрғаның растайтын анықтама;" ;

20) 2 тармақтың 24) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлемді алуға құқығы бар тұлғаның салық төлеушінің тіркеу нөмірі және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, оралман мәртебесін растайтын қ ұ ж а т ; " ;

21) 2 тармақтың 25) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - әлеуметтік төлемді алуға құқығы бар тұлғаның салық төлеушінің тіркеу нөмірі және жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-кеңестік комиссия қ о р ы т ы н д ы с ы ; " ;

5 тармақтың 1) тармақшасындағы "жүрісі" сөзінен кейін ұтір арқылы "тұрғын үйін жөндеуге" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі

М. Көбенов